



№1 БАЛАЛАР МУЗЫҚА МЕКТЕБІ
30 ЖЫЛ - «ТҮЛЕК - 2021»
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІ

Біз тәуелсіздікпен бірге тілімізді түлеттік, дінімізді өркендеттік, тамырымызды жалғап, салт-дәстүрімізді жаңғырттық.

«Мәдениет ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады»

Н.А. Назарбаев.



Құрметті түлектер!

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №1 балалар музыка мектебіне 30 жыл толады. Біз, өзіміздің №1 балалар музыка мектебі - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігімен құрдас екендігіне мақтануға толық құқылымыз.

Мектеп көптеген жылдар бойына ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарымызға негізделген жас ұрпаққа музыкалық білім берудің бірегей жүйесін жетілдірді. Бүгінгі күні мектептің педагогикалық ұжымы оның негізін қалаушылар салған дәстүрлерді лайықты түрде жалғастыруда, музыкалық дайындықты дарынды балаларға жан-жақты білім беруді үйлестіреді. Білім және мәдениеттің негізгі орталықтарының бірі ретінде мектеп көптеген оқушыларға өнердің сан қырлы және ғажайып өміріне «жолдама» берді. Өйткені, балалық шақ пен жасөспірім - бұл шығармашылық қабілеттерін дамытудың, музыка өнерімен танысу арқылы жан дүниесінің жоғары қасиеттерін, адамгершілік-эстетикалық сезімдерін қалыптастырудың ең құнарлы кезеңдері.

Жоғары кәсіби шеберлік, қазақ және әлемдік музыкалық мәдениеттің дәстүрлерін сақтауға ұмтылу балалардың шығармашылық іс-әрекетінде жаңа қырларды ашуға, халықаралық, республикалық және қалалық байқаулардың лауреаттары мен дипломанттарын тәрбиелеуге, шығармашылық ұжымдар арасында танымал болуға мүмкіндік береді.

Мектептің мақтанышы - қазақ халық аспаптар оркестрі, үрмелі аспаптар оркестрі, «Балауса» фольклорлық ансамблі, «Dolce» скрипкашылар ансамблі, «Ару» би тобы, домбырашылар ансамблі: «Серпер», «Наркескен», «Ақжелен», «Есіл толыны», «Бой-тұмар», «Тұмар» қобызшылар ансамблі. «Тілеп баксы» қылқобызшылар ансамблі, «Кербез қыздар» жетігеншілер ансамблі, «Қыздар-ай» және «Ақсұңқар» дәстүрлі ән айту ансамблі, камералық ансамбль, «Алау» хор ұжымы, эстрадалық бөлім тобы «Унисон» және трио «Жігер». Осының бәрін шығармашылық дәстүрлерді орната білген - пікірлес музыканттар тобы, әріптестері мен достары мектепті қаладағы кәсіби білім беру мекемелерінің біріне айналдырды. 30 жыл ішінде мектепті 1500-ден астам бала оқып бітірді. Олардың көпшілігі кәсіби музыканттарға айналды, көбі мектепке деген құрмет сезімін сақтап, балалары мен немерелерін осында әкелді.

Мұның сыры тарих пен дәстүрді мұқият сақтай отырып, мектептің музыкалық білім берудің жаңа тәсілдерін, жаңа түрлерін үнемі іздестіруде уақытпен үндес өмір сүретіндігінде.

«Дәстүрімізді сақтай отырып, болашақты жасаймыз!» - бұл №1 балалар музыка мектебінің шығармашылық жолының мәні.

Біздің мектеп көптеген жас музыканттарға өз таланттарын ашуға мүмкіндік берді. Бұл прогресстің қозғаушысы жасампаз, дарынды жастар, және сіздерден біз үміттіміз, дәстүрлерді сақтап, құрметтеп, халқымыздың ең бай мәдениетін ұлғайтып, дәріптейтін сіздерсіздер!

ДОРОГИЕ НАШИ ВЫПУСКНИКИ!

Детская музыкальная школа № 1 Акимата города Нур-Султан отмечает свой 30-й год рождения. Мы вправе гордиться тем, что наша родная детская музыкальная школа № 1 - ровесница Независимости Республики Казахстан.

В течение многих лет в школе оттачивалась уникальная система музыкального воспитания подрастающего поколения на наших национальных духовно-нравственных ценностях. Сегодня педагогический коллектив школы достойно продолжает традиции, заложенные её создателями, успешно сочетает музыкальную подготовку со всесторонним образованием одарённых детей. Как один из основных очагов образования и культуры школа дала «путёвку» в многоликую и прекрасную жизнь искусства многим своим воспитанникам. Ведь детство, юность – самые благодатные периоды для развития творческих способностей, формирования высоких качеств души, нравственно-эстетических чувств путём приобщения к музыкальному искусству.

Высокий профессионализм, стремление к сохранению традиций казахской и мировой музыкальной культуры позволяют открывать всё новые и новые грани в творческой деятельности детей, воспитывать лауреатов и дипломантов международных, республиканских и городских конкурсов, завоёвывать популярность творческим коллективам.

Гордость школы - оркестр казахских народных инструментов , фольклорный ансамбль «Балауса», ансамбль скрипачей «Dolce», танцевальный коллектив «Ару», ансамбли домбристов «Серпер», «Наркескен», «Ақжелен», «Есіл толқыны», «Бой-Тұмар», ансамбль кобызистов «Тумар», ансамбль традиционного пения «Қыздар-ай», ансамбль жетигенистов «Кербекз кыздар», оркестр духовых инструментов, камерный ансамбль и хоровые коллективы. И всё это вершит коллектив музыкантов – единомышленников, коллег и друзей, сумевший заложить творческие традиции, сделавший школу одним из наиболее профессиональных образовательных учреждений образования города. За 30 лет в школе обучилось более 1500 детей. Многие из них стали профессиональными музыкантами, многие сохранили трепетное отношение к школе и приводят сюда своих детей, внуков.

Секрет этого кроется в том, что бережно сохраняя историю, традиции, школа живёт в унисон со временем, находясь в постоянном поиске новых подходов, новых форм музыкального образования.

«Сохраняя традиции, создаём будущее!» - вот лейтмотив творческого пути Детской музыкальной школы № 1.

Наша школа предоставила возможность многим юным музыкантам раскрыть свои таланты. Именно творческая, одарённая молодёжь является двигателем прогресса, и вы – наши надежды – должны хранить, чтить традиции, приумножать и прославлять богатейшую культуру нашего народа.

Мектеп директоры, ҚР Мәдениет саласының үздігі Б.С.Кыдырманов

Орындалған АРМАН!



Өткен ғасырдың 70-90 жылдар аралығындағы солақай саясаттың арқасында Ұлан байтақ еліміздің барлық жерлерінде Қазақ бала бақшалары мен білім мекемелері жабылып, өзіміздің сүйікті ана тілімізде білім бере алмайтын, болашағы бұлыңғыр заманға тап келдік.

Сол жылдары көкірегі ояу, саналы, көзі қарақы ұлтжанды жандардың қара түнектен шығуға, әр кім әр түрлі өздерінше әрекет жасағандары белгілі. Мен еңбек ететін білім салада да, оның ішінде музыка пәндері бағытында да бұл саясаттың салқыны тиіп, көптеген қиындықтар

болғаны рас. Таза қазақ тұратын Қорғалжын ауданында балаларға Балалар музыка мектебінде тек орыс тілінде сабақ беретін. Оқуға түсерде алғашқы емтиханнан өте жақсы бағаға тапсырып оқуға түскен, өзі азақ Қазақ мектептеріндегі оқитын, бойларында Алла берген таланты да, талабы бар балалар оқу барысында орысша сабақтарды түсінбей бір, екі жылда мектепті тастап шығып кететін. Бізді осы жағыдайлар көп мазалады.

Сол жылдары ізденіп қайда барып "Есік қақбасақта, хат жазбасақта" жүрекке мұз болып қатқан сол бір жауап... Қорғалжын аудандық мәдениет бөлімінің басышы қызыметін атқарып жүрсемде сол ой мені мазалай беретін.

1983 жылы Украинаының Киев қаласына Мәдениет саласы бойынша Бүкілодақтық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып. Арасында сәті түскенде БММ іздеп тауып танысып, онда тегіс Украинаы тілінде сабақ оқитынын, ал 1984 жылы Эстония астанасы Таллин қаласында өткен Бүкілодақтық жиынға қатысып баяндама жасадым. Бір жұма болдық. Бұл елде де оқушы балалар өз ана тілдеріде оқиды екен. Бұндай Бақытты күндер біздің елде қашан болады деген арман, ізденуге деген жігерімді қайрап одан да биікке, алға жетеледі. 1990 жылы, ол кезде мен Целиноград қаласындағы Ж.Жабаев атындағы тарихы терең, өзім 1966 жылы 11 сынып бітірген мектебіме директордың эстетика жөніндегі орынбасары болып **қызмет** атқардым. Сол жылы менің бағыма қарай Білім министрлігі ұйымдастырған Министрдің орынбасары Беркінбаева Шамша Көпбайқызының қатысуымен Қызылорда қаласында өткен

"Елім- ай" атты бағдарламасы бойынша өткен Республикалық ғылыми-практикалық конференцияға төрт күн қатысып ана тілімізде көсіле сөйлеп, армансыз өз тілімізде ой пікірлерімізді ортаға салдық. Міне осы естен кетпес сапарда менің де көп жылдардан ізденіп жүрген мақсатымның шеті қылаң ете қалғандай болды. Себебі жиынның үшінші күні келген қонақтардың құрметіне арнап түскі ас берді.

Сол сәтте үш күнгі әсер ме, маған сөз кезегі келгенше бес шумақ өлең туып, сол жерде "Қазағымның дәстүрі" деген әнім жүректен шығып орындадым. Көпшілік риза болып құрметтеп жатыр. Кеш соңында Шамша Көпбайқызы шетте отырған менің жаныма келіп құттықтап, қайдан келгенімді сұрап танысып, батасын берді. Осы сәтте көкейімді көптен мазалап жүрген арманымды сұрау сәті түсті. Жанындағы жүрген "нөкерлер Неге уақытын алып тұрсың" -деп қабақтарымен белгі беріп тұр. Менің сол сәтте айтқан Арманымды аяғына дейін тыңдап. "Мынау өзекті мәселе екен қалқам, кәзір жауап бере алмаймын сен маған министрлікке қабылдауға кел. Тек алдын ала қоңырау шалып біліп ал. Мен іс-сапарда жүргенде әуре болып келіп жүрме" - деп көмекшісіне телефонын жаздырып қолын қойып берді. Міне осы қуанышпен елге оралдым. Директорым мархұм Жанна Байсейітқызына айтсам сенбейді. Ш. Беркінбаевамен бұлай сөйлесуің мүмкін емес деп. Мен қолы қойылған алақандай қағазды көрсеттім. -Жарайсың, азаматсың! Онда дайындал өз қаражатыңмен барасың мен басшыларға білдірмеймін деп батасын берді. Бір жұмадан кейін қалалық байланыс бөліміне барып Алматымен сөйлесіп Шамша Көпбайқызының орнында болатынын біліп ертеңіне ұшақпен ұшып бардым. Таксимен министрлікке жетіп, кіре берісте кезекешіге қағазды көрсетіп келген себебімді айтып қабылдау бөлмесіне бардым. Он бес шақты кісілер күтіп отыр. Артынан білдім облыстық білім бастықтары мен ректорлар екен. Хатшы кіріп айтқанан кейін мені шақырып он минуттың орнына 45 минут қабылдап арнайы дайындап апарған жоспар-суреттерімді асықпай қарап тыңдап алып. Біздің министрлікте бұндай мектеп ашатын құзырет жоқ жергілікті атқару басшылығы шешеді. Мен облыс басшысымен кәзір сөйлесейін сен менде отыр деп айтпаймын деп, басшылар "тікелей" сөйлесетін телефоннан хабарласып еді, аржағынан облыстық білім басшысы Алексеева Галина Викторовна телефонды менің бағыма қарай алып, өздері әр мәселелерді сөйлесіп соңында Қызылордада менімен кездесіп Музыка мектебі мәселесін айтқанымды айтып, біраз сөйлесіп тұтқаны орнына қойды. Өзің естідің ғой елге барғансын қабылдауына бар, сосын көресің сәттілік тілеймін деп ризашылығын білдіріп батасын

беріп жатып - маған жағыдайың жайлы ұялма хабарласып тұр - деп апалық қамқорлықпен орнынан тұрып шығарып салды. Міне сол сәтті сапардын нәтижесі қызығы мен қиындығы мол Қазақ ұлттық балалар музыка мектебі 1991 жылы қыркүйектің 7-сі күні 50 оқушы 10 ұстазбен өз есігін айқара ашты. Бұл мен үшін ұстаздық еңбек жолымдағы арманыма жеткен ең бір бақытты шақ бол! **Еңбек ардагері , Құрметті білім қызметкері, ақын, сазгер Оспан Сүлейменұлы.**



Қымбатты ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!

Сіздерді мектеп әкімшілігі атынан мектебіміздің 30 жылдығымен құттықтаймын! Әлемдік өркениетке бет алған бүгінгі қазақ елінің болашағы білім мен тәрбие алауын жаққан мектеппен тікелей байланысты. Биылғы жылдың ерекшелігі-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мен №1 Балалар музыка мектебінің ашылуына 30 жыл тойлануы. Санаулы күндерден кейін біз азаттық туын желбіретіп, Тәуелсіз Мемлекет атанғанымыздың 30 жылдығына аяқ басамыз. Бұл-тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт. «Мектептің жаны-мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі әрі сондай болмақшы»-дегендей, тәрбие бесігінің бастауында тұратын ұстаздар қауымының қоғам алдындағы жауапкершілігі ерекше. Өз ірге тасын 1991 жылы қалаған №1 Балалар музыка мектебі еліміздің солтүстік өңіріне ғана емес, бүкіл қазақ даласына білім нұрын төккен ағартушы оқу орындарының бірі болды. Ал білім ордасынан қанат қаққан түлектеріміз еліміздің түпкір-түпкірінде жемісті еңбек етіп, өздері білім алған оқу орнын әрдайым, мақтан тұтады. Қазіргі таңда мектебіміздің ұжымы білім сапасы жоғары, бәсекеге қабілетті музыкант мамандарды тәрбиелеуді жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етуде. Тәуелсіз еліміздің болашақ иесі жас ұрпақтың бойында тұлғалық қасиеттерді ұштап, кәсіби шеберліктеріңді одан әрі шыңдап, білім сапасын арттырудағы игі бастамаларға педагогикалық ізденіс, жаңа серпін, шығармашылық табыс тілеймін! Адағы уақыттарда да алар асуларымыз бен бағындырар белестеріміз мол болсын!

Құрметпен, ҚР Мәдениет саласының үздігі, «Ерең еңбегі үшін» төсбелгі иегері Саулеш Төлегенқызы!



Мырзакулова Урлай Жанабаевна

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, домбыра мұғалімі.«Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісі,«Үздік маман» гранты, «Үздік педагог-2019»байқауының Бас жүлде иегері.



Хамитова Раиса Сарсеновна

Директордың ғылыми –әдістемелік жөніндегі орынбасары, фортепиано мұғалімі. ҚРБілім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен, Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталған , "Педагогикалық идеялар фестивалі" республикалық байқауының жүлдегері, «Фортепианоға арналған қазақ халық әндерінің өңдеулері» жинағының

авторы.



Оралбаева Жанар Шерхановна

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, дәстүрлі ән мұғалімі. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен, Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталған, «Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз» энциклопедиясына енгізілген.



Шерьязданова Тoley Кулатаевна

Халық аспаптар бөлімінің меңгерушісі,домбыра мұғалімі. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс және Құрмет грамотасымен марапатталған,ҚР Білім және мәдениет саласындағы «Алтын кітап» республикалық энциклопедияға енгізілген.



Кожаметова Майя Еркиновна

Фортепиано бөлімінің меңгерушісі, фортепиано мұғалімі.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен марапатталған, ҚР Білім және мәдениет саласындағы «Алтын кітап» республикалық энциклопедияға енгізілген, «Фортепианоға арналған қазақ халық әндері мен күйлерінің өңдеулері» жинағының авторы.



Файзулина Жанат Алимовна

Музыка теориясы бөлімінің меңгерушісі, этносольфеджио мұғалімі. Білім және ғылым министрлігінің Алғыс және Құрмет грамотасымен марапатталған, «Ең үздік инноватор педагог» сайысының жеңімпазы, «Ы. Алтынсарин» төсбелгісінің иегері.



Сеитова Зауре Дюсекеевна

Ішекті аспаптар бөлімінің меңгерушісі, скрипка мұғалімі.

«Үздік педагог» гранты иегері, Білім және ғылым министрлігінің Алғыс және Құрмет грамотасымен марапатталған.



Даулетбақ Майра Тұрлыбекқызы

Эстрада –вокал бөлімінің меңгерушісі , вокал мұғалімі.

Профессор, ҚР мәдениет қайраткері, халықаралық, республикалық байқаулар лауреаты. ҚР Ассамблеясынан Алғыс , ЮНЕСКО Алғыс , Мәдениет және ақпарат министрлігі Алғыс хаттарымен марапатталған.



Секербек Багдина Мейрамовна

Хореография бөлімінің меңгерушісі, би мұғалімі. Білім және ғылым министрлігінің Алғыс және Құрмет грамотасымен марапатталған, ҚР Білім және мәдениет саласындағы «Алтын кітап» республикалық энциклопедияға енгізілген.



Самал Жұмағалиқызы

Дәстүрлі ән бөлімінің меңгерушісі, дәстүрлі ән мұғалімі, «Қыздар ай» дәстүрлі әншілер ансамблінің жетекшісі. Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен, Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталған.



Момбаева Альмира Сергеевна

Үрмелі аспаптар бөлімінің меңгерушісі, саксофон мұғалімі. Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен марапатталған.

Музыка жас азаматтардың ішкі дүниесін байытып, әр дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құбылыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі.

Ахмет Жұбанов

**Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға.**

Абай Құнанбайұлы

МЕКТЕП ҰСТАЗДАРЫ



«Егер сіздің адамдарға айтар сөзіңіз болса, оны сенімді түрде жеткізе білсеңіз, қайталанбау үшін әрдайым алға ұмтылсаңыз, жаныңыз бай болса, сонда ғана сіз шығармашылықпен айналыса аласыз.»

Ғ.Жұбанова

ХАЛЫҚ АСПАПТАР БӨЛІМІ



Мектебіміздің ең ауқымды бөлімі – халық аспаптары бөлімі. Бөлімде домбыра, қобыз, қылқобыз, жетіген, баян, аккордеон, сазсырнай аспаптары қамтылған барлығы -200 оқушы білім алады. Жылда 80 ге жуық оқушылар мектеп бітіріп шығады. Оқушылар жеке сабақтан тыс ұжымдық саздандыру сабақтарына да қатысады, атап айтқанда ұлт аспаптар оркестрі, «Балауса» фольклорлық ансамблі, «Серпер», «Наркескен», «Есіл толқыны», «Ақжелең», «Бой-Тұмар» домбырашылар ансамбльдері, «Тұмар» қобызшылар ансамблі, «Тілеп Бақсы» қылқобызшылар ансамблі, «Кербез қыздар» жетігеншілер ансамблі, баянистер ансамблдері өз жұмыстарын жасайды, қалалық, мектепшілік іс-шараларда белсенді қатысып, халықаралық, республикалық байқаулар лауреаттары атағына ие.

Қазақтың отаншылдық жігеріне толы халық музыкасының ешкімге, ештеңеге ұқсамайтын ерекше тартымдылығы сондай, қазақ әнін тыңдағанда күллі дала көз алдыңнан өткендей болады.

(Р.Роллан)

БІЗДІҢ ТҮЛЕКТЕР -2021ЖЫЛ



Адамбеков Самат (мұғалімі Нургалиева А.А.)
Халықаралық, республикалық, қалалық байқаулар лауреаты,
«Тілеп -Бақсы» қылқобызшылар ансамблінің орындаушысы
Қосымша- Суда, бассейнде жүзу ұнайды.



Айтбай Қарлығаш (мұғалімі Алпысбаева М.Б.)
Ағылшан тілін меңгеруде, Назарбаев интеллектуалды мектеп
оқушысы.



Алибекова Гаухар (мұғалімі Э.Б.Омарова)
Фортепиано аспабында, екінші арнаулы хореография
сыныбында оқиды. Халық аспаптар оркестрінің
орындаушысы.



Аманжол Ғайша (мұғалімі Ж.Қ.Қыдырменова)
Халық аспаптар оркестрінің, «Тұмар» қобызшылар
ансамблінің орындаушысы. Қосымша ағылшын тілін
меңгеруде.



Анарбай Ердәулет (мұғалімі М.Ж.Мөңкебаев)
«Наркескен» домбырашылар ансамблінің орындаушысы.
Спорт түрінен – баскетболға қатысады.



Бекмагамбетова Айша (мұғалімі С.Б.Секимова)

Халық аспаптар оркестрінің орындаушысы.

Математика, ағылшын тілін меңгеруде.



Бекмурат Даниал (мұғалімі Қ.С.Оралбаева)

Ағылшын тілін, математика пәнімен терең айналысады және баскетбол секциясына қатысады.



Бисембаев Әділ (мұғалімі Р.С.Жигибаева)

Халық аспаптар оркестрінің орындаушысы,

II Халықаралық «Ақжелең» байқауының лауреаты-Іорын Қарағанды қаласы.



Булғанбайқызы Аружан (мұғалімі А.Ж.Касымова)

III Республикалық «Дала әуені» байқауының лауреаты.

I орын. Қосымша –моншақтардан білезік жасаумен шұғылданады.



Габдуллина Қымбат (мұғалімі Э.Б.Омарова)

Халық аспаптар оркестрінің орындаушысы,

халықаралық, республикалық, қалалық байқаулардың лауреаты. Республикалық «Дала сазы» байқауы -Іорын.

Қосымша фортепиано аспабын меңгеруде.



Ербуланова Айша (мұғалімі М.А.Сулейменова)
№49 орта мектеп филиалының домбырашылар ансамблінің орындаушысы, халықаралық «Бақытты бала» байқауының жүлдегері, вокал мен әуестенеді.



Жаксылыков Султан (мұғалімі М.Ж.Мөңкебаев)
Қосымша- Спорт түрінен – бокс, футболға қатысады.



Жолдыбек Тоғжан (мұғалімі Г.Б.Кентбаева)
Халық аспаптар оркестрінің, «Тұмар» қобызшылар ансамблінің орындаушысы.Қосымша- волейболға қатысады.



Ильдыбаева Наргиз (мұғалім Ж.Ш.Дукенбаева)
Домбырадан бөлек фитнеспен айналысады.



Кабиденова Мадина (мұғалімі Ж.Қ.Қыдырменова)
Аспаптан бөлек ағылшын тілін меңгеруде.



Кабылкак Арнур (мұғалімі М.Ж.Мөңкебаев)
Халықаралық «Жас музыкант» байқауының лауреаты.
I орын.



Жақан Ибраһим (мұғалімі Ж.М.Исинтаева)
Халық аспаптар оркестрінің орындаушысы.
Республикалық «Рауан», «Балдәурен» байқауларының Бас
жүлде иегері. Қосымша- жапон мәдениетін оқып, зерттеп,
үйренуде. Әр түрлі кино көргенді, хип-хоп, рэп тыңдайды.



Көпбай Нүрдәулет (мұғалімі Б.А.Ержигитова)
Республикалық «Тәуелсіздік-мәртебем» байқауы -I орын
Қосымша- баян аспабын, қытай тілін меңгеруде. Нұр-
Сұлтан қаласының шахмат федерациясы 2 разрядты ҚБ-
мүшесі.



Курманжан Елхан (мұғалім Л.А.Алтынбекова)
Халықаралық «Стартрек » байқауының лауреаты- I орын .
Қосымша- Спорт түрінен- бокспен шұғылданады.



Кусаинова Жасмин (мұғалімі Д.Қ.Орынбекова)
Мектепшілік «Жас талап» байқауы III орын.
Кітап оқу, сурет салумен айналысады.



Қорғанбек Жанерке (мұғалімі Э.Б.Омарова)
ағылшын тілін меңгеруде, би үйірмесіне қатысады ,
көптеген олимпиада жеңімпазы.



Мағауов Ернар (мұғалімі М.А.Сулейменова)
Халықаралық «Торонто 2021» байқауы -II орын,
«Серпер» домбырашылар ансамблінің орындаушысы,
футбол ойнайды.



Муканова Дильназ (мұғалімі А.Т.Каирбекова)
Халықаралық «Зимняя Фантазия» байқауы- III орын,
физика, ағылшын тілін меңгеруде, қосымша
волейболға қатысады.



Мусақанов Алишер (мұғалім А.С.Әбен)
қосымша суда жүзу үйірмесіне қатысады.



Муслимбеков Нурмұхамед (мұғалімі
М.А.Сулейменова)
Халықаралық «Жап-Жаңа жыл» байқауы -II орын,
қазақша күрес үйірмесіне қатысады.



Нуркешев Азат (мұғалімі М.А.Сулейменова)
«Frohlichen Valentinstag 2021!» байқауының лауреаты -I
орын, «Серпер» домбырашылар ансамблінің
орындаушысы.




Нұрланқызы Айбике (мұғалімі А.Т.Каирбекова)
Халықаралық, Республикалық, қалалық байқаулардың
лауреаты. I Республикалық «Біз іздеген таланттар»
байқауы
«Бас жүлде».«21 ғасыр көшбасшысы» кітабына шықты.
Ағылшын тілін меңгеріп, би билейді және үстел теннисін
ойнайды.



Райнбек Алтынай (мұғалімі Л.А.Алтынбекова)
Республикалық «Бала жүрегі» байқауы- Бас жүлде.



Рақымбек Кәусар (мұғалімі Л.Б.Тезекпаева)
Домбырадан бөлек математика, ағылшын тілін меңгеріп ,
би үйірмесіне қатысады, бақша бағып күтуді,
кондитерлік өнімді пісіруді ұнатады.



Рахметулдинова Анель (мұғалімі Ж.Қ.Қыдырменова)
Республикалық «Dionis» байқау лауреаты -I орын.
Қосымша- арнаулы домбыра сыныбында оқиды ,
ағылшын тілін меңгеруде.



Сакенова Лейла (мұғалімі Э.Б.Омарова)
Халықаралық «Голубь Весны» байқауы – I орын, Уфа қаласы.
Халық аспаптар оркестрінің орындаушысы,
қосымша фортепиано аспабын, ағылшын тілін
меңгеруде.



Салихжанова Анеля (мұғалімі Ж.Қ.Қыдырменова)
Халық аспаптар оркестрінің орындаушысы,
халықаралық «Мастер сцены» байқауының лауреаты,
қосымша- фортепиано аспабын, ағылшын тілін
меңгеруде.



Сапар Аяжан (мұғалімі Н.К.Камбаров)
Домбыра меңгеруден бөлек қосымша скетчинг
дизайн салып оны әрлейді. Кітап оқиды, эзотерика
ғылымын зерттеуде.



Совет Нұрбай (мұғалімі М.Р.Рахымжанова)
Халықаралық «Бала шабыты» байқауы -II орын,
қосымша - футбол секциясына қатысады.



Тургинбаева Томирис (мұғалімі Б.А.Ержигитова)
Республикалық «Тәуелсіздік-мәртебем» байқауы-I орын,
қосымша- сурет мектебінде білім алады, ағылшын тілін
меңгеруде, хореография үйірмесіне қатысады.



Турлыхан Болат (мұғалімі М.Ж.Мөңкебаев)
«Наркескен» домбырашылар ансамблінің
орындаушысы,
домбырадан бөлек қосымша дзюдоға қатысады.



Хаккашева Асылжан (мұғалімі Л.А.Алтынбекова)
Халықаралық «Я звезда» байқауы- I орын , қосымша
хореография үйірмесіне қатысады.



Халық Аяулым (мұғалімі М.Ж.Мөңкебаев)
«Нар кескен» домбырашылар ансамблінің орындаушысы,
Қалалық «Шаттық -2017» байқауы –Алтын медаль,
Қалалық «Ақжелең»байқауының лауреаты, оқу озаты.



Шархан Нұрасыл (мұғалімі А.К.Саркенова)
Халықаралық, Республикалық, қалалық байқаулардың
лауреаты. «21 ғасыр көшбасшысы» кітабына шықты,
Баяншылар ансамблінің орындаушысы ,қосымша –
домбыра аспабын,ағылшын тілін,спорт түрінен футбол
меңгеруде, IT маманы болуды армандайды.



Серикбаев Айтуар (мұғалімі Б.А.Ержигитова)
математика, ағылшын тілін меңгеруде,
шахмат және суда жүзумен айналысады.



Торетаев Торехан (мұғалімі Д.Қ.Орынбекова)
Шахматта ойнайды және кітап оқып , сурет салуды
ұнатады.



Жанбаева Алуа (мұғалімі М.Б.Алпысбаева)
Қобыз аспабынан бөлек би үйірмесіне қатысады.



Даирова Альбина (мұғалімі М.Б.Османова)
Халықаралық, Республикалық, қалалық
байқаулардың лауреаты. Халықаралық «Новый
Формат» байқауы- I орын, «Кербез қыздар»
жетігеншілер ансамблінің орындаушысы
қосымша – ағылшын тілін меңгеруде.



Дүйсенбек Алмаз (мұғалім Қ.С.Оралбаева)
Логикалық математикадан өткен «Зерделі
тұлға» олимпиадасы- I орын., ағылшын тілін
, баскетбол ойнауды меңгеруде.



Ешмухамбетов Арсен (мұғалімі Д.Қ.Орынбекова)
Мектепшілік «Жас талап» байқауы - III орын
қосымша- шахмат, шашки ойнаумен айналысады.



Жакеев Нурлан (мұғалімі Н.Б.Хамзин)
Халықаралық, Республикалық, қалалық
байқаулардың лауреаты. Халық аспаптар
оркестрінің, «Бой -Тұмар» домбырашылар
ансамблінің орындаушысы,
қосымша бокс үйірмесіне қатысады.



Калиев Алмас (мұғалімі А.Ж.Касымова)
III Республикалық «Дала әуені» байқауының
лауреаты- III орын , қосымша футболмен
әуестенеді.



Кудеринова Жания (мұғалімі М.Б.Османова)
Халықаралық, Республикалық, қалалық
байқаулардың лауреаты. XVI «Астана -Мерей»
халықаралық байқауы -III орын .«Кербез
қыздар» жетігеншілер ансамблінің
орындаушысы, қосымша би үйірмесіне
қатысады.



Махамбетова Әмина (мұғалімі А.С.Әбен)
Қосымша сурет салуды ұнатады.



Омар Ислам (мұғалімі Ә.Нұрлан)
Домбырадан бөлек ,спорт түрінен
таэквондоға қатысады.



Кенжебек Әдия (мұғалімі М.Б.Алпысбаева)
Халықаралық «Көктем мерекесі» байқауы –I орын,
Қобыз аспабын меңгеруден бөлек актерлық
шеберлік үйірмесіне қатысады.

ФОРТЕПИАНО БӨЛІМІ



Фортепиано бөлімі 1991 жылы мектеп ашылғаннан құрылды, жоғары кәсіптік оқыту ең басынан мақсатқа қойылған. Бірнеше оқытушыдан бастап бөлімде қазіргі кезде 46 оқытушыға жетті, оның ішінде 30 мұғалім және 16 сүйемелдеуші. Біздің оқытушылар ынтымақтастық, шығармашылық, өз жұмысын әрдайым жақсартуға ұмтылуымен ерекшеленеді. Мектеп педагогтарының көп жылдық тәжірибесінің, ынта-жігердің, бірлесіп жұмыс атқарудың арқасында фортепиано бөлімі оқушылары халықаралық, республикалық, қалалық деңгейдегі байқауларда жоғары жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Фортепиано бөлімі елордамыздың музыка мектептері арасында жоғары беделге ие. Бөлімнің бастамасымен «Шапшан саусақтар» этюдтер сайысы, республикалық «Жас жұлдыз» байқауы, дәстүрлі түрде жылда өтетін іс-шаралар: ансамбль кеші, джаз кеші, музыкалық қонақжайлар және т.б. көптеген қызықты концерттер ұйымдастырылып өткізіледі. Фортепиано бөлімінің оқушылары шығармашылық жетістіктері мол, әр дайым халықаралық және республикалық байқаулар лауреаттары атағын иеленіп жатады. Бөлім міндеті тек жоғары шығармашылық нәтижелерге қол жеткізу ғана емес, сонымен қатар музыканттардың ең жақсы қасиеттерін дамыту, рухани және мәдени құндылықтарды құрметтеуге және қабылдауға мүмкіндік беретін жас ұрпақ тәрбиелеу болып табылады.



Абылай Өмірәлі (мұғалімі Тамабаева К.Б.)
Жапон мәдениетін зерттеуде және волейбол спортымен айналысады.



Амангелді Алина (мұғалімі Топоркова Л.К.)
Ғ.Жұбанова атындағы республикалық байқауы,
I республикалық «Жас жұлдыз» пианистер
байқауының лауреаты. Музыка- теориялық
пәндерді өте жақсы меңгеруде. Керемет ән
айтады .



Абилова Аружан (мұғалімі Муханова М.А.)
Қалалық «Морозко-2018» байқауының
лауреаты, ағылшын тілін меңгеруде, кітап
оқығанды ұнатады және укулеле аспабында
ойнайды.



Баймагамбетова Дильназ (мұғалімі Мамынова
А.М.)
Халықаралық «Сәлем ,Астана- 2018» байқауының
Бас жүлде иегері , олең жазады, Ю туб арнасында өз
блогын жүргізеді, бейне өңдеуді ұнатады және
ағылшын, корей тілдерін меңгеруде.



Бакирова Дана (мұғалімі Маулетова А.А.)
Қалалық «Морозко, 2019» байқауында II орын,
2020ж -I орын. Домбыра , укулеле аспаптарын
үйренуде, астрологияны, психологияны зерттеуде,
ағылшын тілін меңгеруде, сурет салғанды және
саяхаттауды ұнатады.



саяхаттауды ұнатады.

Бахит Меруерт (мұғалімі Абдрахманова А.Е.)

Бастауыш сыныптарда Меруерт мектепшілік байқаулар лауреаты атанды, мектеп өміріне белсенді қатысуда (халықаралық хор байқауларының лауреаты). Кондитерлік өнімдерді пісіруге, фотосуретке түсіруге және моншақтан түрлі бұйымдар жасауға әуес. Жаңа қалаларды ашуды ,



Даулетова Аружан (мұғалімі Ракишева М.Б.)

Фортепианодан бөлек бос уақытында би билеуді, акрилмен пейзаждарды бояғанды ұнатады және ағылшын тіліндегі әдебиеттерді оқиды.



Дүйсен Шыңғысхан (мұғалімі Ракишева М.Б.)

Халықаралық “Viva music” байқауы I орын -2019, 2020ж.ж. Волейбол , баскетбол және шахмат ойнауды ұнатады.



Исинжулова Медея (мұғалімі Топоркова Л.К.)

Қалалық "Морозко" ансамбльдер байқауы, мектепшілік "Шапшаң саусақтар" байқауының лауреаты, Өз бетімен қазіргі заман музыкасын гитарада ойнауды үйренуде, сурет салады, түрлі суреттер топтамасын жасады. Мектепте әдебиет пәнін ұнатады сонымен қатар ол жеке тұлға психологиясының мәселелеріне үлкен

қызығушылық танытады.



Нурмагамбетова Бина (мұғалімі Маулетова А.А.)

Бірнеше рет мектепшілік байқаулар лауреаты II орын, ағылшын тілін меңгереді, табиғатты жақсы көреді, пейзаж салады, моншақтардан түрлі бұйымдар жасаумен айналысады.



Сатайбекова Аруна (мұғалімі Горелова К.Л.)
Халықаралық «MUSICAL PHENOMENA»
вокалды -аспапты өнер байқауының лауреаты ІІІ
орын. 2020 жылы мектепте скрипка сыныбын
аяқтады . Кәсіби түрде тенниспен шұғылданады.
Талапты, мақсаты биік оқушы.



Сейдуәлі Мадияр (мұғалімі Топоркова Л.К.)
Мектепішілік"Шапшаң саусақтар" байқауына
қатысқан, кино, футбол тарихын жақсы біледі,
Спортпен шұғылданады: "Астана" ФК
командасының футболісті.



Советқали Дамежан (мұғалімі Муханова М.А.)
«Istanbul – Turquoise online competition»
халықаралық байқауы **Бас жүлде** иегері. Өлең
жазып, музыка шығарады.



Шеген Аружан (мұғалімі Калымбетова А.А.)
ІІІ International festival-confest “Viva Magic”
“Christmas magic” 2019- І орын. Кітап оқу және
тоқумен шұғылданады дегенмен музыка - басты
хоббиі.



Алимжанова Айгерим (мұғалімі Хамитова Р.С.)
Халықаралық «CHRISTMAS IN EUROPE»
байқауының лауреаты, Австрия. Ұрмалы
аспаптармен шұғылданады, сурет салуды,
волейбол ойнағанды ұнатады.



Қаз Мағжан (мұғалімі Хамитова Р.С.)
Халықаралық “L’EXSPERIENCE DU SCENE”
Австрия, «Планета талантов» т.б көптеген байқаулар
лауреаты, республикалық «Жас музыкатанушы»
олимпиадасының жүлдегері, Ғ.Жұбанова атындағы
байқау, «Жас жұлдыз», «Шапшаң саусақтар» байқау
лауреаты, жалпы мектебінде де жетістіктері мол
«Тарих ата», «Жас қаламгер», «Бейбітшілік әлемі»
байқау- жобалардың жеңімпазы. Кәсіби түрде
музыкант болуды армандайды.



Шиликбаева Даяна (мұғалімі Кожамбетова М.Е.)
Вокалмен шұғылданады, республикалық байқаулар
лауреаты, пейнхантинг, психологияға қызығады,
ағылшын, неміс тілдерін үйренуде, қазіргі кезде чех
тілін меңгеруде. Биге барады және еріктілікті ұнатады
(волонтерство).



Сағитхан Амира (мұғалімі Ракишева М.Б.)
Халықаралық “Viva music” байқауы I орын-
2019,2020ж.ж. Теннис ойнайды. Ат спортымен
әуестенеді.



Елеусинова Аружан (мұғалімі Измаилова К.Н.)
III халықаралық “Viva Music” байқауы I орын,
мектеп парламентінің мүшесі, түрлі іс-шараларды
ұйымдастырғанды ұнатады, «Зерде»
мамандандырылған мектебінің президенті.



Тоқтамыс Ақниет (мұғалімі Мамынова А.М.)
Мектепшілік «Шапшаң саусақтар» байқауы II орын.
Шығыс мәдениетімен қызығады, корей тілін
меңгеруде, “Green trees” еріктісі.

ДӘСТҮРЛІ ӘН БӨЛІМІ



Дәстүрлі ән бөлімінде барлығы – 11 мұғалімнен, 98 оқушы оқиды. Бөлімде «Қыздар-ай», «Ақ сұңқар», №37 мектеп филиалының дәстүрлі әншілер ансамбльдері, мұғалімдерден құралған «Қырандар» тобы өз өнерлерін қаламыздың сахналарында, мектеп іс-шараларында өнерлерін жоғары деңгейде көрсетуде, Бөлім оқушылары халықаралық, республикалық байқаулар лауреаттары. Бөлім педагогтары өнер қайраткерлерімен кездесулер, лекция – концерттер өткізіп тұрады.

Құлақтан кіріп ,бойды алар, жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар, әнді сүйсең ,менше сүй!

(Абай)



Абдукаип Нұрбақыт (мұғалімі Хамзин М.А.)
Мектепшілік «Этносольфеджио» пәнінен олимпиада
III-орын, қосымша шахмат үйірмесіне қатысады.



Абдуллаев Нұрсұлтан (мұғалімі Бегасилов Р.А.)
Дәстүрлі әнші, қалалық «Күмбірлеген домбыра үні» байқауы
III-орын, телефон жөндеумен шұғылданады.



Бурабаев Алишер (мұғалімі Сәрсенбек Ж.Қ.)
Халықаралық «Carolavora di dombra» байқауы III-орын,
республикалық «Тәуелсіздік мәртебем» байқауы II-орын,
халықаралық фестиваль «Бального танца» байқауы III -орын,
(Биші), қосымша суда жүзу секциясына қатысады.



Дүйсенбек Мағжан (мұғалімі Ахметов Б)
Қалалық «Шырқа дауысым» байқауы I орын,
қалалық «Этносольфеджио» пәнінен олимпиада III-орын,
кітап оқуды жақсы көреді және спортпен шұғылданады.



Жантөре Толқынай (мұғалімі Жұмағалиқызы С)
Республикалық «Дала әуені» байқауы III-орын, ағылшын тілін
жақсы меңгерген және гитара, күйсандық пен кез келген әнді
сүймелдеп орындайды.



Колумбаев Қазыбек (мұғалімі С.Жұмағалиқызы)
Республикалық «Дала әуені» байқауында ІІ орын,
қалалық «Шырқа дауысым» байқауы ІІІ орын,
ІТ- саласы компьютер жинаумен айналысады және
«Мега менталдық арифметика» курсың аяқтаған.



Қалдыбаева Айдана (мұғалімі Ахметов Б)
Мектепшілік «Шырқа дауысым» байқауы ІІІ орын,
Волейбол секциясына қатысады және бәліш тәтті
тоқаштарды пісіргенді ұнатады.



Құрал Тілеуберген (мұғалімі Хамзин М.А.)
Қалалық «Шырқа дауысым» байқауы І -орын,
қосымша күреске қатысады.



Мамырқұл Фатима (мұғалімі Сәрсенбек Ж.Қ.)
Мектепшілік «Шырқа дауысым» байқауы ІІІ-орын,
Сурет салады, хип- хоп биімен айналысады, ағылшын
тілінде жақсы меңгерген, еркін сөйлейді.



Махмутова Ақнұр (мұғалімі Оралбаева Ж.Ш.)
ХVІ «Астана-Мерей» халықаралық орындаушылар
байқауынның лауреаты ІІ орын, Ж.Кәрменов атындағы
дәстүрлі әншілер байқауы І орын, т.б халықаралық,
республикалық байқаулар лауреаты, «Балауса» фольклорлық
ансамблінің әншісі, қосымша қытай тілін меңгеруде
сонымен қатар дзюдо спортымен айналысады.



Мейрамханова Шырай (мұғалімі Бегасилов Р.А.)
Қалалық «Шырқа дауысым» байқауы ІІ-орын, оқушылар сарайында вокал үйірмесіне қатысады және әр түрлі дәмді бәліш, тәтті торт пісіруді ұнатады.



Сапархан Дана (мұғалімі Ахметов Б)
Мектепшілік «Шырқа дауысым» байқауы ІІІ-орын , спорт түрінен футболға қатысады және тәтті торт пісіргенді ұнатады.



Серікқызы Айым (мұғалімі С. Жұмағалиқызы)
Республикалық «Дала әуені» байқауы І-орын , қалалық «Шырқа дауысым» байқауы ІІ-орын, халықаралық «Ақ көгершін» байқауы Бас жүлде, «Қыздар-ай» ансамблінің әншісі, қалалық «Этносольфеджио» пәні олимпиадасында ІІ-орын иегері, ағылшын тілін меңгеруде және бет әрлеуді ұнатады.



Серіков Дамир (мұғалімі Кашқабаета Т.О.)
ІІ-Республикалық «Өнерге қанат қаққандар» байқауы І-орын иегері, Қазақстан республикасының дзюдо федерациясының олимпиадасында ІІІ-орын жеңімпазы.



Султанғазы Ельнура (мұғалімі Сәрсенбек Ж.Қ.)
Мектепшілік «Шырқа дауысым» байқауы ІІІ -орын , сурет салу үйірмесіне қатысады.



Тілеубекқызы Қарақат (мұғалімі Оралбаева Ж.Ш.)
Қалалық «Күмбірлеген домбыра үні» байқауы I орын,
Республикалық «Ұлы дала дауысы» байқауы
Дипломант, республикалық «Дала сазы» байқауы II орын,
қосымша вокал, фортепиано аспабын меңгеруде,
мәнерлеп оқу шебері. Мектеп іс шараларына белсенді
қатысады.



Тонкерис Ұлжан (С.Жұмағалиқызы)
Республикалық «Дала әуені» байқауы II –орын,
қалалық «Шырқа дауысым» байқауы I-орын, халықаралық
«Ақ көгершін» байқауы Бас жүлде, «Қыздар-ай» ансамблі
әншісі, қалалық «Этносольфеджио» пәні олимпиадасында
III-орын. Ағылшын тілін меңгеруде және бет әрлеуді
ұнатады.



Турдушев Мадияр (мұғалімі Ахметов Б)
Республикалық «Дала сазы» байқауы III-орын,
қосымша спортпен айналысады, кітап оқығанды жақсы
көреді.



Тұрсынхан Нұрай (мұғалімі Оралбаева Ж.Ш.)
Қалалық «Елім деп соққан жүрегім» патриоттық ән
байқауы II орын, республикалық «Дала сазы»
байқауы III орын, Халықаралық «Ақ сәулелі алтын
таң» байқауы I орын, вокал, робототехника
үйірмелеріне қатысады. Мектеп іс-шараларына
белсенділік көрсетуде.

Егер сен музыканы түсініп сүйгің келсе – оны ыждағаттықпен тыңдай
біл! Кейін сен оны міндетті түрде ұнататын боласың, бірте-бірте өзің
белгісіз мезетте қалай үйренгеніңді де сезбей қаласың, жақсыны
жаманнан айыра алатын боласың. Осылай етсең сенде тамаша талғам
пайда болады.

Д.Д.Шостакович

ЭСТРАДА ВОКАЛ БӨЛІМІ



Алғашқы эстрада вокал бөлімі 2010 жылдары Борамбаева Күнімкүл Сайлауқызы бастамасымен ашылды, арнайы оқу бағдарламасын құрып, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай әндерді өңдеп жазып, қалалық сахналарда оқушылар өнерлерімен танымал болды. Бөлім жылда өсіп өркендеуде, педагогтар елге танымал өнер қайраткерлері және жас мамандар да өз үлестерін қосуда. 2020 жылы жеке бөлім құрылды. Қазіргі кезде бөлімде 10 мұғалімнен 80-ге жуық оқушы білім алады. Оқушылар халықаралық, республикалық, қалалық байқаулар лауреаттары, қалалық концерттік іс шараларда өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсетеді, жылда «Елбасының сүйікті әндері» лекция концерті, Елбасымыздың үштілдік саясатын іске асыру мақсатында «60-70-80жылдар Ретро әндер» концерттері ұйымдастырылып өткізіледі.



Айдарова Салиха (мұғалімі Төлепберген Н.М.)
Халықаралық байқауы- I орын, Канада, Белорусия, Болгария, Италияда өткен халықаралық байқауында- II орын,
PVE кино академиясында актерлік шеберлігінде оқиды.
«Лидер» атты кино түсіріліміне қатысты.



Қазыбаева Нұрай (мұғалімі Р. Ерасилова)

V Халықаралық «Morning star» байқауы Бас жүлде иегері, «Унисон» тобының әншісі. Математика, ағылшын тілдерін меңгеруде, жүргізушілік пен айналысады түрлі концерт, іс-шаралар өткізеді.



Алмасбекұлы Аллажар (мұғалімі Г.Н. Таженова, Даулетбак М.Т.)

Халықаралық, республикалық, қалалық байқаулар лауреаты, мектеп іс-шараларына белсенді қатысып, қошеметке ие. ҚазҰӨУ «Дарынды балалар» мектебінің-7 сынып «Хор және дирижерлеу» бөлімінің оқушысы.



Ерғазы Нұрасыл (мұғалімі Төлепберген Н.М.)

III Халықаралық «Волшебный микрофон» байқауы II орын, Хор пәнінен қалалық байқаудың I орын лауреаты.



Қайрат Нұрсая (мұғалімі Жапарова Ж.Ж.)

XIII Халықаралық «Ақ көгершін» фестиваль-байқауы I орын,

II Республикалық білім және өнер байқауы I орын, оқу жылдары өзін зерек, еңбекқор, ізденімпаз, жауапкершілікті оқушы болып таныта білді.



Жәрдембек Досмухамед (мұғалімі Р. Ерасилова)

«Шаттық» Республикалық байқауы Бас жүлде т.б халықаралық, республикалық, қалалық байқаулар лауреаты, «Унисон» тобының әншісі, әннен бөлек математика, ағылшын тілін меңгеруде, шахматқа қатысады.

Кураисова Эльзара (мұғалімі Р.Ерасилова)
«Балбұлақ» халықаралық байқауы Бас жүлде,
халықаралық, республикалық, қалалық байқаулар
лауреаты, «Астана опера» балалар хорының әншісі,
фортепианоға қатысады, дизайнер және оқу озаты.



Жекей Жанна (мұғалімі Г.Н.Таженова,
Даулетбак М.Т.), Халықаралық, республикалық,
қалалық байқаулар лауреаты, «Елорда дарындары»
жобасының жүлдегері,



Қанат Аққуым (мұғалімі Р. Ерасилова)
Халықаралық «Гульнар фест» фестиваль байқауы
Бас жүлде, «Унисон» тобының әншісі, фортепиано
аспабын меңгеруде, би үйірмесіне қатысады қазіргі
заман биін меңгеруде, сурет салуды ұнатады.



Жәдігерова Айзат (мұғалімі Канапин А.С.)
II халықаралық «Жас Дарын» байқауы I орын,
Республикалық «Астана үні» байқауының лауреаты.



Еңсебай Анель (мұғалімі Даулетбак М.Т.)
«Ұлы дала» Халықаралық фестиваль-байқауы- II орын
Д.Останькович, Е.Голубева авторларының «Кто в
столице всех главней» атты балаларға арналған
мюзиклда – Гид ролін орындады. Қойылым
режиссері Дәулетбак М.Т.



ШЕКТІ АСПАПТАР



Скрипка сыныбы 2000 жылдары ашылды. 2005 жылы алғашқы рет «Dolce» скрипкашылар ансамблі құрылып сахнада өнер көрсете бастады, ансамбль Испания, Болгария, Түркия, елімізді барлық қалаларында халықаралық байқауларға қатысып жүлдеді орындарға иеленді. 2012 жылы Әлфараби атындағы оқушылар сарайының салтанатты ашылуында Елбасы Н.А.Назарбаев алдында өнер көрсетіп қошеметке иеленді. 2020-2021 оқу жылында скрипка бөлімі болып ашылды. Бөлімде скрипка, виолончель, гитара сыныптары қамтылған, барлығы 11 мұғалімнен 74 оқушы білім алууда.



Акбужан Аянат (мұғалімі Сеитова З.Д.)

Халықаралық, республикалық, қалалық байқаулар лауреаты, «Dolce» скрипкашылар ансамблінің орындаушысы, Математика пәнін терең меңгеруде, халықаралық «Инфоурок» жобасының дипломанты.



Габдсаттарова Жұлдыз (мұғалімі Кокижанова А.К.)

Халықаралық, республикалық, қалалық байқаулар лауреаты, «Dolce» скрипкашылар ансамблінің орындаушысы, математика пәнін, ағылшын тілін меңгеруде, қосымша би үйірмесіне қатысады.



Миргалиева Аружан (мұғалімі Сеитова З.Д.)

Халықаралық, республикалық, қалалық байқаулар лауреаты, «Dolce» скрипкашылар ансамблінің орындаушысы, «Қыз өссе елдің көркі-Гүл өссе жердің көркі» байқауы жеңімпазы, ағылшын тілін меңгеруде, журналистикаға қызығушылық танытуда, «Жас тілшілер мен әдебиетшілер» байқауының жеңімпазы.



Муратқызы Адия (мұғалімі Сеитова Д.Т.)

Халықаралық ,республикалық, қалалық байқаулар лауреаты, «Dolce» скрипкашылар ансамблінің орындаушысы, оқу озаты, ағылшын, қытай, француз тілін меңгеруде, фортепиано, укулеле аспаптарын меңгерген, қосымша бимен айналысады және үлкен теннисте қызығушылығы бар.



Бакижанова Солидат (мұғалімі Курган Т.И.)

VII Халықаралық «Степь, да степь кругом» жас музыканттар байқауының Дипломанты. Гитара аспабынан бөлек ағылшын, итальян тілдерін меңгеруде, « Мисс умелые ручки-2018» атағына ие.



Сағымбек Арман (мұғалімі Курган Т.И.)

Турнир кубогы Алматы қаласы, халықаралық математика пәні олимпиадасында I орын Вильнюс, музыкадан басқа математиканы терең меңгеруде, футбол секциясына қатысады.



Өмірзақ Лиана (мұғалімі Сагадатов А.Ж.)

Оқу озаты, «Сүйкімді ару» байқауының жеңімпазы, бос уақытында кітап оқиды және тігін тігуді ұнатады.



Аманғос Рахат (мұғалімі Момбаева А.С.)

Халықаралық, республикалық, қалалық байқаулар лауреаты, мектеп іс-шараларының белсенді қатысушысы, сурет салады және көше биімен айналысады.

ХОРЕОГРАФИЯ БӨЛІМІ




Хореография сыныбы 2000 жылдары ашылды, 2002 жылы «Ару» би ансамблі кіші, орта жоғары топ болып құрылды. Алғашқы педагогтар Салиева Тазабике Алиевна, Кашкабаев Абдыкадыр Қашқабаетов жұмыс атқарды. Қазіргі кезде бөлек бөлім болып өз жұмыстарын жалғастыруда, бүгін бөлімде 4 педагог-хореограф, 4 сүйемелдеуші мен 89 оқушы би өнерінің қыр-сырын меңгеруде. Ансамбль қазақ, орыс, кәріс, өзбек, классикалық, шетел, қазіргі заман билерін меңгеріп сахна төрінде жоғары деңгейде өз өнерлерін көрсетіп жүр, халықаралық, республикалық байқаулар лауреаттары, мектебіміздің барлық іс-шара, концерттері «Ару» би ұжымынсыз өтпейді.

«Өнер – өнегелі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал» В.А.Сухомлинский




Абдрашитова Саида (мұғалімі Секербек Б.М.)

Әр бала-жұлдыз I халықаралық байқау Гран-При.
Ағылшын тілін меңгеруде, сурет салу ұнатады және қосымша қыл қобыз аспабында ойнайды.



Серікқызы Айым (мұғалімі Секербек Б.М.)

II республикалық «Star line» байқауы I орын,
музыкамен айналысады, сурет салады және гитара аспабын меңгеруде, қосымша дәстүрлі ән сыныбын бітіруде.



Смагулова Дарига (мұғалімі Секербек Б.М.) V халықаралық «Аяулы Астана» байқауы I орын, Суда жүзумен шұғылданады, тоқыма және тәтті бәліш пісірген ұнатады.

ОҚУШЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ РУХАНИ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ЖАДЫ

1. Уақытты санасыз түрде өткізбеу.
2. Өз жұмысыңда шыдамды болу.
3. Бастаған істі соңына дейін жеткізу.
4. Үйде тек аспапта жаттамай, әр келесі қайталауды одан да жақсы ойнауға тырысу және үнемі іздену .«Техникаға» көмекке «Жігер» қосу, жігерленген саусақтар ғажайып жұмыс жасайды». Шығарманы «фотоаппараттың емес, рентгеннің» көмегімен үйрену керек.
5. Ерік-жігерді тәрбиелеу, өз мінезімен жұмыс жасау.
6. Айналадағыларға түсінушілікпен қарау.
7. Ешқашан жетістіктермен мақтанбау. Кішіпейіл болу, өйткені алда талай биіктерді бағындыру керектігін ұмытпау керек.
8. «Мен өзімнің ештеңе білмейтіндігімді білемін». /Сократ/.
9. Мен бұл сазгер туралы, оның шығармашылығы жайлы көбірек білгім келеді.
11. Сазгердің осы шағарманы жазуға қандай себеп болғанын түсінуге тырысамын.
12. Мен ешқашан музыкаға «маған ұнамайды» деген баға бермеймін, бірақ оның мағынасын зерттеп түсінуге тырысамын.
13. Музыка арқылы мен сазгердің тұлғасын, оның рухани әлемін түсінгім келеді.

ПАМЯТКА ЕЖЕДНЕВНЫХ ДУХОВНЫХ ПРАВИЛ УЧЕНИКА

1. Не тратить время бессознательно.
2. Быть терпеливым в своей работе.
3. «Нужную меру занятий на инструменте определит здоровый духовный аппетит, а не чрезмерный или плохой» /Н.Е.Перельман/.
4. Доводить начатое дело до конца.
5. Дома за инструментом не заучивать, а постоянно искать и добиваться, чтобы каждое следующее повторение стало лучше предыдущего. Неустанно расширять поле слуха. «В помощь «технике» следует привлекать «дух».Одухотворенные пальцы способны творить чудеса». Учить пьесу нужно с помощью «рентгена, а не фотоаппарата» /Н.Е.Перельман/.
6. Воспитывать силу воли, работать над своим характером.
7. Уметь сопереживать окружающим.
8. Никогда не хвастаться своими успехами. Быть скромным, помнить, что ты ничего еще не открыл того, чего не было открыто до тебя.
9. «Я знаю, что ничего не знаю» /Сократ/.
10. Я хочу узнать больше об этом композиторе, его эпохе и произведении.
11. Я стремлюсь понять, что побудило композитора написать это произведение.
12. Я никогда не даю музыке такую оценку: «мне это не нравится», но стремлюсь изучить и понять ее смысл.
- 13.Я хочу через музыку понять личность композитора, его духовный мир.



БІЗДІҢ түлек

Мәдениеті жоғары тұлға

Патриот

Шығармашыл

- Коммуникативті
- Креативті

Әлеуметті белсенді

- Мінезі ашық
- Көпшіл
- толерантты

Жан- жақты

- Аспапта ойнау
- Ән айту
- Би билеу
- Актерлық шеберлік
- Музыка шығару

Бәсекелестікке қабілетті

- Жауапкершілігі мол
- Еңбекқор
- Интеллектуалды
- Талапты